

Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» МКҚК



Мектеп музейлері

әдістемелік нұсқаулық



Ақтау, 2020 жыл

«ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК

Бұл жинаққа мектеп жанындағы музейлер туралы мәліметтер енгізілді. Жинақ әдістемелік нұсқаулық ретінде білім беру ұйымдарындағы музей жетекшілеріне ұсынылады.

Дайындаған: Нұғыманова Жанар Майрамбекқызы — туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі

Мұражай – табиғи-тарихи, материалдық және рухани мәдениеттің ескерткіштерін жинау, тану, сақтау пайдалану ісімен айналысатын орын. Онда жәдігер құндылықтармен бірге халықтың, ұлттың бетбұрысты кезеңдеріне көшбасшылық жасаған белгілі тұлғалардың тұтынған құрал-саймандары, киім-кешектері, басқа да тұтынған түрлі заттары орын алады. Мұражай көрме емес. Мұражайлар материалдық және рухани мәдениеттің негізгі сақтаушысы бола отырып, халықтың тарихи-мәдени мұрасын ұрпаққа аманаттауды қамтамасыз етеді.

*ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев,
«Мәдени мұра» бағдарламасы*

АЛҒЫ СӨЗ



Туған ауылының тарихын танытып, ұлттық тарихи-мәдени мұраларды жинақтап, оны насихаттауда музейдің алатын орны ерекше. Мектеп музейі - белгілі тақырыпқа біріктірілген, жинақталып жүйеге келтірілген, мәдени, тарихи және табиғи жәдігерлерді жинақтаушы орын болып табылады.

Музей жас ұрпақтың дүниетанымын, білім – білігін кеңейтуге, елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында қызмет атқарады.

Музей – тарих ...

Музей – тағылым ...

Сондықтан да бүгінгі егеменді еліміздің қалыптасуына тарихи жәдігерлер мен құндылықтарды құнттап отырған мектеп музейлерінің де алар орны да ерекше болмақ.

Бұл жинақта Маңғыстау облысы мектептеріндегі музейлер таныстырылып, олардың бүгінгі таңда атқарып отырған жұмыстары мен проблемалары көпшілік назарына ұсынылады. Әр білім беру ұйымында музейдің болуы сол мектептегі ұстаздар мен олардың оқушылары, түлектері үшін тарихи құндылық болатыны сөзсіз.

Еліміздің өткені мен болашағынан танымдық мәлімет беретін мектеп музейлері білім алушыларымыздың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуде жемісті қызмет атқаруына тілектеспін!

Жанар Мейрамбекқызы Нұғыманова
Туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі

МЕКТЕП МУЗЕЙІ

Музей – мәдени мұраны көпшілікке танытуды қамтамасыз ететін және ғылыми зерттеу функцияларын жүзеге асыратын мәдениет мекемесі.

Мектеп музейінің негізгі мақсаты – музей арқылы өз туған өлкесінің тарихын, ұлттық құндылықтарын, тарихи – мәдени мұраларын таныстыра отырып, білім алушылардың бойында жауапкершілікті арттырып, азаматтық құндылықты қалыптастыру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мектеп музейі өз жұмысында қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мұражайлар туралы «Ережені» және өзінің Жарғысын басшылыққа алады.

Музейдің негізгі қызметі:

- туған өлке тарихын үйрену арқылы Отанын, халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін, тарихи ескерткіштерін құрметтеу, музей экспонаттарын жинап, сақтау;
- мектептегі оқу - тәрбие жұмысын жетілдіруге қатысу;
- тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштерді қорғау және насихаттау;
- оқушылар мен халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу;
- көрмелер, экспозициялар, тақырыптық дәрістер, ашық есік күні, ғылыми - практикалық конференциялар ұйымдастыру;
- музейлік басылымдар шығару;

Музейдің атқарып отырған қызметі мен жинақталған жәдігерлеріне орай бірнеше түрі болады:

- тарихи музейлер (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық);
- көркемөнер музейі (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка, кино, т.б.);
- жаратылыстану музейі (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық);
- техникалық музейлер (авиация, автокөлік, кеме жасау, тау-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.);
- кешенді музейлер (тарих, жаратылыстану, шаруашылық, өлкетану);
- мемориалдық музейлер (мемлекетке, өнерге, әдебиетке, ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған музейлер).

МЕКТЕП МУЗЕЙІНІҢ ҚҰЖАТТАМАСЫ

Мектеп музейінің паспорты – музейдің негізгі құжаты, мұнда оның негізгі сипаттамалары: атауы, бейіні, ашылған күні, үй-жайы, экспозициясы, қор құрамы және т.б. туралы мәліметтері қысқаша аталып өтіледі.

Музей құжаттамасы – мектеп музейінің негізгі құжаттарына: паспортты, нөмірлік куәлікті, есепке алу құжаттарын (түсімдер кітабы, актілер, картотекалар), жұмыс жоспарларын, пікірлер кітабын жатқызуға болады.

Музей мұрағаты – музей қызметі процесінде дайындалған құжаттар сақталатын музей бөлімшесі (жоспарлар, есептер, пікірлер кітабы, экспедициялар, көрмелер материалы, мерекелер мен өзге іс-шаралар сценарийлері) жатады.

Музей қоры – нұсқаулыққа сәйкес музейге тұрақты сақталуға келіп түскен барлық материалдардың жиынтығы.

Музей қорларын сақтау – музей жәдігерлерінің толық сақталуы үшін жағдай жасауға, оларды бұзылудан, бүлінуден және ұрланудан сақтауға, оңтайлы сақтау жүйесін жасауға негізделген қор жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

Есепке алу карточкасы – мектеп музейінің паспорттына қосымша парақ, мұнда мектеп музейі туралы қысқаша негізгі мәліметтер беріледі. Бірыңғай тіркеу нөмірі болады.

МУЗЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ШАРАЛАР ЖОБАСЫ

- атаулы күндердегі салтанатты шаралар;
- музей жәдігерлерінің көрмелері (жылжымалы форматта т.т.);
- тақырыптық ашық есік күндері;
- мектеп мұғалімдерінің музейдегі сабақтары;
- ғылыми-зерттеу ізденіс жұмыстары;
- танымал тұлғалармен кездесу;
- жыр – кештері;
- жергілікті музейлерге, тарихи мәдени орындарға саяхаттар;
- конференция, семинар, диспуттар, презентациялар.

МЕКТЕП МУЗЕЙІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектеп музейін ашу туралы мәселені аудандық, қалалық білім бөлімінің келісімі бойынша педагогикалық кеңес шешеді және мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

Музей жұмысын жалпы жиналыста сайланған музей кеңесі басқарады. Оның сандық құрамы музейдің жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді. Музей жұмысына басшылықты мектеп директорының бұйрығымен тағайындалған мұғалім жүргізеді.

Музей қорына тарихи ескерткіштер мен мәдениет және табиғат ескерткіштерін қосу туралы мәселені мұражай кеңесі өзінің отырысында шешеді. Бұл жұмыс мемлекеттік мұражай, архив және басқа да ғылыми орындар мамандарының қатысуымен жүргізіледі. Кеңес болашақ және күнделікті жұмыс жоспарын талқылап бекітеді. Ізденуші топтардың есебін тыңдайды. Музей істерінің негізгі мәселелерін талқылайды. Ол экскурсия жүргізушілерді, дәріс берушілерді ұйымдастырады.

Музей жұмысын ұйымдастыру мақсатында музей белсенділері және кеңес мүшелерінің басшылығымен: зерттеу, хат алысу, қорды жөндеу, экскурсиялық, дәрістік, экспозициялық және әсемдеу, көркемдеу топтары құрылуы мүмкін.

Музейге көмек көрсету мақсатында арнайы топ құрылады. Оның құрамына мұғалімдер, мемлекеттік мұражай, архив, жергілікті тарихи, мәдениет ескерткіштері және табиғатты қорғау бөлімдері өкілдері мен еңбек, соғыс ардагерлері, ата-аналар және т.б. кіреді.

Мектеп музейіне жалпы басшылық пен бақылауды білім беру орындары жүзеге асырады. Қорды сақтау және есепке алуды қамтамасыз ету барлық жинақталған материалдар музей қорын құрайды. Музей қорын сақтау, ұйымдастыру жауапкершілігі мектеп директорына жүктеледі.

Ерекше ғылыми-тарихи және көркемдік мәні бар тарихи, мәдени ескерткіштер (оның ішінде ордендер мен медальдар) және мектеп музейі сақтай алмайтын бұйымдар музей қорына кіргізілмейді. Көрмеге қойылмайды.

Мектеп музейі өз қызметін тоқтатқан жағдайда, білім беру және мәдениет орындарының бұйрығы бойынша мемлекеттік және қоғамдық мұражайларға қорды тапсыру жүргізіледі.

Музей шараларын фото және бейнетүсірілімге түсіріп, музей қорында жинақтап және БАҚ-да жариялау арқылы музей жұмысы насихатталады. Осы аталған жұмыстарды үйлестіре білгенде ғана мектеп музейінің жұмысы жандандырылады.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ЖАНЫНДАҒЫ МУЗЕЙЛЕР

Қазіргі таңда облыс мектептерінде тарихи тұлғалар туралы және өлкетану бағытында 36 мектеп музейі жұмыс жасайды, олардың 15-і мемориалдық, 21-і кешенді (11-і тарихи, 10-ы өлкетану) бағытта ұйымдастырылып отыр.

№	Музей бағыты	Музейдің атауы	Музейдің ашылу мақсаты	Жәдігер саны	Мектептер, телефоны
АҚТАУ ҚАЛАСЫ					
1	мемориалдық	С.Қондыбай атындағы мектеп музейі	Географ, мифолог, этнограф-ғалым Серікбол Қондыбайға арналған	114	С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебі, 8/7292/44-10-39
2	мемориалдық	И.Сүйеубаев атындағы мектеп музейі	Кенестер Одағының батыры Исатай Сүйеубаевқа арналған	58	И.Сүйеубаев атындағы №8 орта мектебі, 8/7292/51-19-68
3	мемориалдық	Н.Марабаев атындағы мектеп музейі	Мемлекет, қоғам қайраткері Нәсіпқали Марабаевқа арналған	517	Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі, 8/7292/52-17-69
4	мемориалдық	Т.Әшімбаев атындағы мектеп музейі	Мемлекет, қоғам қайраткері Тұтқабай Әшімбаевқа арналған	115	№11 МФММ, 8/7292/42-16-56
5	мемориалдық	Н.Оңдасынов атындағы мектеп музейі	Қоғам қайраткері, тілші-ғалым Нұртас Оңдасыновқа арналған	162	Н.Оңдасынов атындағы №5 орта мектебі, 8/7292/50-07-35
6	мемориалдық	С.Мұқашев атындағы мектеп музейі	Мемлекет және қоғам қайраткері Саламат Мұқашевқа арналған	214	С.Мұқашев атындағы №16 орта мектебі, 8/7292/41-23-38
ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ					
7	мемориалдық	С.Бегендікұлы атындағы мектеп музейі	Ақын, жырау Сүгір Бегендікұлына арналған	20	С.Бегендікұлы атындағы №4 орта мектебі, 8/72934/26-060
БЕЙНЕУ АУДАНЫ					
8	тарихи	«Мектеп тарихы» музейі	Мектеп тарихы мен ардагер ұстаздарға арналған	174	Опорный орта мектебі, 8/72932/31-289
9	өлкетану	«Есет» музейі	Есет ауылының тарихы мен тарихи жәдігерлерге арналған	40	Есет мектеп-балабақша кешені, 8/72932/35-244
10	өлкетану	«Өлкетану» музейі	Ауыл тарихы мен тарихи жәдігерлерге арналған	30	Бейнеу мектеп-интернаты, 8/72932/23-332
ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ					
11	тарихи-өлкетану	«Атамұра» музейі	Ауыл және мектеп тарихы мен мәдени нысандарға арналған	28	№1 орта мектебі, 8/72937/21-500
12	тарихи	«Мектеп тарихынан тағылым» музейі	Мектеп тарихы мен ардагер ұстаздарға арналған	105	№3 орта мектебі, 8/72935/26-230
13	тарихи-өлкетану	«Рухани жаңғыру» музейі	Ауыл және мектеп тарихы мен тарихи жәдігерлерге арналған	500	Қарақұдық орта мектебі, 8/72937/61-107

14	өлкетану	«Өлкетану» музейі	Өлке тарихы мен этно-мәдени құндылықтарға арналған	234	Қашаған орта мектебі, 8/72937/31-381
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ					
15	мемориалдық	Тобанияз атындағы музейі	Адай уезінің революциялық комитетінің төрағасы Тобанияз Өлниязұлына арналған	310	Тобанияз атындағы орта мектебі, 8/72931/42-597
16	мемориалдық	Б.Жұмалиев атындағы музей	Техника ғылымының кандидаты, ғалым Берекет Жұмалиевке арналған	17	Б.Жұмалиев атындағы орта мектебі, 8/72931/21-359
17	өлкетану	«Өлкетану» музейі	Ауыл және мектеп тарихы мен жәдігерлерге арналған	80	Қаратөбе орта мектебі, 8/72931/41-773
18	тарихи-өлкетану	«Өлкетану» музейі	Мектеп тарихы мен ұстаздарына және этно-мәдени құндылықтарға арналған	80	С.Жаңғабылов атындағы орта мектебі, 8/72931/41-398
19	мемориалдық	Ө.Жангелдин атындағы музейі	Мемлекет қайраткері, жиһанкез, революционер Өліби Жангелдинге арналған	80	Ө.Жангелдин орта мектебі, 8/72931/42-045
20	өлкетану	«Мирас» музейі	Этноауыл және танымал тұлғаларға арналған	205	Е.Айшуақұлы атындағы орта мектебі, 8/72931/24-434
21	өлкетану	«Өлкетану» музейі	Ауыл, мектеп тарихы мен тұрғындарына, тарихи нысандарға арналған	138	А.Өтепбергенов атындағы орта мектебі, 8/72959/43721
22	мемориалдық	Ө.Кекілбайұлы атындағы музейі	Халық жазушысы, мемлекет қайраткері Өбіш Кекілбайұлына арналған	400	Ө.Кекілбайұлы атындағы орта мектебі, 8/72931/24624
23	тарихи	«Мектеп қоғамдық музейі»	Мектеп тарихы мен ұстаздарына арналған	245	Жармыш орта мектебі, 8/72931/27-224
24	тарихи	«Мектеп тарихы» музейі	Мектеп тарихы мен ұстаздарына арналған	49	Өтес орта мектебі, 8/72931/45-455
25	мемориалдық	С.Нұрғиязұлы атындағы музей	Ұстаз, ақын Сәду Нұрғиязұлына арналған	250	С.Нұрғиязұлы атындағы орта мектебі, 8/72931/24-422
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ					
26	өлкетану	«Қазақтың рәміздер жағырапиясы» музейі	Маңғыстаудың тарихы, табиғи ескерткіштеріне арналған	25	№3 орта мектебі, 8/7292/46-71-52
27	тарихи	«Мектеп тарихы» музейі	Мектеп тарихы мен ұстаздарына, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған	100	№9 орта мектебі, 8/7292/30-40-51
28	өлкетану	«Ауылым-алтын бесігім» музейі	Ауыл және мектеп тарихы мен өлкеге танымал тұлғаларға арналған	360	№4 орта мектебі, 8/7292/34-98-21
29	тарихи	«Ерлікке тағзым» жауынгерлік Даңқ музейі	Ұлы Отан және Ауған-тәжік соғыстарының ардагерлеріне арналған	128	Ш.Мұңалұлы атындағы №5 орта мектебі, 8/7292/46-61-79

30	тарихи	«Кешегі мен бүгіннің өнегесі ұрпаққа мұра» музейі	Аудан және мектеп тарихына арналған	115	№8 орта мектебі, 8/7292/34-94-68
31	өлкетану	«Мәңгілік ел» музейі	Этно-мәдени және танымал тұлғаларға арналған	49	№10 орта мектебі, 8/7292/34-08-58
32	өлкетану	«Өлкетану» музейі	Ауыл тарихы мен этно-мәдени жәдігерлерге арналған	38	№11 орта мектебі, 8/7292/34-60-31
ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫ					
33	мемориалдық	М.Әбдіхалықов атындағы музей	Жазушы, тарихшы, тілші, публицист, қоғам қайраткері Маршал Әбдіхалықовқа арналған	881	М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясы, 8/72938/23-245
34	тарихи	«Мектеп тарихы» музейі	Ауыл, мектеп тарихы мен танымал тұлғаларға, тарихи жәдігерлерге арналған	384	Шахта орта мектебі, 8/72938/44-246
35	мемориалдық	Ж.Мыңбаев және Қ.Берішбаев атындағы музей	Ауған соғысының ардагері Қалмырза Берішбаев пен қоғам қайраткері Жалау Мыңбаевқа арналған	35	Ж.Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясы, 8/72938/24-57
36	мемориалдық	Ғ.Айдаров атындағы музей	Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері, филология ғылымдарының докторы Ғұбайдолла Айдаровқа арналған	40	Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейі, 8/72938/31-275

МЕКТЕП МУЗЕЙЛЕРІНІҢ САНДЫҚ МӘЛІМЕТІ

№	Аудан/қала	Мектеп саны	Музей саны	Мектеп музейінің түрлері		
				мемориалдық	өлкетану	тарихи
1	Ақтау қаласы	25	6	6	0	0
2	Бейнеу ауданы	24	3	0	2	1
3	Жаңаөзен қаласы	24	1	1	0	0
4	Қарақия ауданы	14	4	0	1	3
5	Маңғыстау ауданы	22	11	5	3	3
6	Мұнайлы ауданы	15	7	0	4	3
7	Түпқараған ауданы	10	4	3	0	1
8	ОМИ	1	0	0	0	0
9	БИЛ	1	0	0	0	0
10	ЖБИЛ	1	0	0	0	0
11	ОСМИ	1	0	0	0	0
12	МОСПШИ	1	0	0	0	0
	Барлығы:	139	36	15	10	11

МЕКТЕП МУЗЕЙЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ШАРАЛАР

«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» МКҚК мектеп музейлерінің жұмысын жандандыру мақсатында дәстүрлі түрде жыл сайын «Үздік мектеп музейі», «Үздік гид экскурсовод» облыстық байқауларын, тақырыптық семинарлар мен дөңгелек үстелдер, оқушылар мен мұғалімдердің мектеп музейлеріне саяхаттары тәрізді шаралар ұйымдастырып келеді.

«ҮЗДІК МЕКТЕП МУЗЕЙІ-2019» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2019 жылы 14 мамыр күні жалпы білім беру ұйымдарының музей қызметкерлері арасында өскелең ұрпақты әлеуметтендіруде және ұлт құндылықтары мен жәдігерлерін насихаттау мақсатында «Үздік мектеп музейі» облыстық байқауы өткізілді.

Байқау бағдарламасында «Ұлы даланың ұлы тұлғалары», «Музейдің жұмысын сипаттайтын бейнеролик», «Музей кабинеті» номинациялары қарастырылды.

Қатысушылар байқау барысында облыс мектеп музейлері жайлы ақпараттармен бөлісіп, нәтижесінде қазылар алқасы музей жетекшілеріне музей кеңесінің құрамын кеңейту, дөңгелек үстелдер өткізу, музей жәдігерлері және ережелері бойынша нұсқаулықтар дайындау жөнінде өз ұсыныстарын білдірді, жеңімпаздар білім басқармасының бағалы сыйлықтары, дипломдарымен және сертификаттарымен марапатталды.

«Ұлы даланың ұлы тұлғалары» номинациясы:


I орын – Мұнайлы ауданы, №3 орта мектебі музейінің жетекшісі Байназаров Қуатқа;

II орын – Ақтау қаласы, Н.Оңдасынов атындағы №5 орта мектеп музейінің жетекшісі Сұлтанова Шынарға;

III орын – Жаңаөзен қаласы, С.Бегендікұлы атындағы №4 орта

мектебі музейінің жетекшісі Олдажаева Сандуғашқа берілді.





«Музейдің сипаттайтын номинациясында: жұмысын бейнеролик»

I орынды Мұнайлы ауданы, Ш.Мұңалұлы атындағы №5 орта мектебі музейінің жетекшісі Ағатаева Айгерім;

III орынды Ақтау қаласы, И.Сүйеубаев атындағы №8 орта мектебі музейінің жетекшісі Өмірзақова

Динара иеленді

«Музей кабинеті» номинациясы:

I орын – Маңғыстау ауданы, А.Өтепбергенев атындағы орта мектебі музейінің жетекшісі Бастыбаева Жанарға;

II орын – Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебі музейінің жетекшісі Тілекбаева Айнұрға берілді.

«ҮЗДІК ГИД - ЭКСКУРСОВОД» ОБЛЫСТЫҚ САЙЫСЫ

2019 жылдың 13 қараша күні оқушылар арасында өлкенің тарихи-мәдени мұрасын насихаттау, олардың ізденушілік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының белсенділігін арттыру және білім берудің, тәрбиелеудің кеңістігі ретінде мектеп музейі қызметін қалыптастыра отырып, үздік гид-экскурсоводты анықтау мақсатында «Ең үздік гид экскурсовод» облыстық сайысы өткізілді.

Сайыс ережесіне сәйкес, «Үздік музей таныстырушы» номинациясында экскурсоводтар өздері білім алатын оқу орнындағы музейді бейнеролик арқылы көрсетсе, «Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациясында қатысушылар Маңғыстаудың тарихи - мәдени орындарында туризмді дамыту бойынша өз шығармашылығынан дайындалған туындымен таныстырды.

«Үздік музей таныстырушы» номинациясында Түпқараған ауданының қатысушысы Амангелді Нұрай түркітанушы ғалым Ғұбайдұлла Айдаров атындағы мектеп музейін үш тілде түсіндіру арқылы ерекшеленді.



«Үздік музей таныстырушы» номинациясы бойынша:

I орын – Түпқараған ауданы, Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің оқушысы Амангелді Нұрайға;

II орын – Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебінің оқушысы Иманғали Анел мен Мұнайлы ауданы, №10 орта мектебінің оқушысы Сейіт Мақсатқа;

III орын – Бейнеу ауданы, Атамекен орта мектебінің оқушысы Парахатов Нұрсұлтан мен Маңғыстау ауданы, А.Өтепбергенов атындағы орта мектебінің оқушысы Әділжанқызы Гүлназға берілді.

«Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациясынан:

I орынды Мұнайлы ауданы, №4 орта мектебінің оқушысы Ақмұрат Бекболат;

II орынды Бейнеу ауданы, Атамекен орта мектебінің оқушысы Кенжебаев Жандос пен Түпқараған ауданы, Шахта орта мектебінің оқушысы Төлепова Гүлжазира;

III орынды Маңғыстау ауданы, А.Өтепбергенов атындағы орта мектебінің оқушысы Құлтөреева Гүлімай және Ақтау қаласы, №3 орта мектебінің оқушысы Утебаева Әсел иеленді.



МЕКТЕП МУЗЕЙЛЕРІНДЕГІ «АБАЙТАНУ» ЭКСПОЗИЦИЯСЫН ТАНЫСТЫРУШЫ ЭКСКУРСОВОДТАР БАЙҚАУЫ

Білім басқармасының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 24 маусым күні қазақтың ұлы ақыны Абай мұрасын кеңінен



насихаттау, дарынды жас экскурсовод-тарды анықтау, ақын шығармашылығының ғылыми тұрғыдан талдануына қолдау көрсету, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп музейлеріндегі «Абайтану» экспозициясын таныстыру бойынша экскурсоводтар байқауы өткізілді.

Шара Абай Құнанбайұлының

175 жылдығы аясында ұйымдастырылды.

Байқауға жалпы орта білім беру ұйымдарының 14-16 жас аралығындағы білім алушылары қатысты.

Оқушылар «Абайтану» экспозициясын таныстыру», «Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациялары бойынша бейнероликтер байқауына қатысты.

1. «Абайтану» экспозициясын таныстыру презентациясынан:

I орын – Мұнайлы ауданы, Ш.Мұналұлы атындағы №5 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Жақсылық Бекзатқа;

II орын – Ақтау қаласы, №13 мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы Сандыбаев Айбынға;

III орын – Қарақия ауданы, №1 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Амангелді Рыскүлге;

IV орын – Түпқараған ауданы, Ж.Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Дүйсен Нұрбектерге берілді.

2. «Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациясы бойынша:

II орын – Ақтау қаласы, №13 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Кенжегулова Жадыра және Маңғыстау ауданы, Ә.Кекілбайұлы атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы Шақырған Айшаға;

III орын – Түпқараған ауданы, Ж.Мыңбаев атындағы мектеп - гимназиясының 9 сынып оқушысы Ғазизқызы Аэлиға берілді.



ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ

МУЗЕЙЛЕРГЕ ВИРТУАЛДЫ САЯХАТ

Облыстың жалпы орта білім беру ұйымдарындағы мектеп музейлеріне виртуалды саяхат ұйымдастыру мақсатында түсірілген бейнероликтерді төмендегі сілтемелер арқылы көре аласыздар!

Ақтау қаласы – <https://www.youtube.com/watch?v=KTxPrQbrnzg>

Бейнеу ауданы – <https://www.youtube.com/watch?v=ZhDr-1krojA>

Жаңаөзен қаласы – <https://www.youtube.com/watch?v=8QO9AmPR9no>

Қарақия ауданы – <https://www.youtube.com/watch?v=3VhPCjmF4KY>

Маңғыстау ауданы – https://www.youtube.com/watch?v=Yuvw_G0Lue4

Мұнайлы ауданы – <https://www.youtube.com/watch?v=BcKU0VM6mLE>

Түпқараған ауданы – <https://www.youtube.com/watch?v=TQnZmdgo7wY>

ЕСКЕРТУ:

Облысымызда 139 жалпы білім беретін мектеп болатын болса, олардың тек 26 пайызында ғана музейлер ашылған. Әсіресе, дарынды балаларға арналған мектептер мен лицей басшыларының бұған мән бермей келгендіктері қынжылтады. Бұл мектеп әкімшіліктерінің мемлекеттік тапсырмаларды орындауда жауапкершілікте тұрғандарын көрсетеді. Алдағы оқу жылдарында түрлі тақырыптағы мектеп музейлері ашылады деп сенеміз!





МƏЛІМЕТ ҮШІН

МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз	3
2. Мектеп музейі	4
3. Мектеп музейінің құжаттамасы	5
4. Мектеп музейін ұйымдастыру.....	6
5. Білім беру ұйымдары жанындағы музейлер	7-9
6. Мектеп музейлері арасындағы шаралар	10-13
7. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы музейлерге виртуалды саяхат	14

Музейде тыйым салынады:



Фотоға түсіруге



Телефонмен
сөйлесуге



Балмұздақпен
кіруге



Сусын ішуге



Экспонаттарды
ұстауға



Жануармен кіруге



Шылым шегуге





Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер
туризмінің орталығы
Байланыс телефоны: 8(7292) 60-54-00
Орталықтың ресми сайты: <https://ocdt.kz/kz/>
Эл.пошта: ocdt-2017@mail.ru